«Бекітемін»
КМҚК «Балбөбек бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Г.К.Тастемирова ________
«31» ________ 2023 жыл

# АКП жұмыс жоспары

| № | Тақырыбы | Өткізу формасы | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Балабақшаға бармайтын балалардың тізімін алу | Қыркүйек | Әдістемелік кеңес | Әдіскер, тәрбиешілер, ата –аналар |
| 2 | Ата-аналар жиналысы: «Кел, танысайық» | Қазан | Әдістемелік кеңес | Әдіскер, психолог, ата –аналар |
| 3 | Сауланама «Сіздің балаңыздың қызығушылығы?» | Қазан | Әдістемелік кеңес | Әдіскер, психолог, ата –аналар |
| 4 | Ертеңгілік « Берекелі Алтын күз!» | Қазан | Әдістемелік кеңес | Әдіскер, тәрбиешілер, ата –аналар |
| 5 | Ертеңгілік «Қош келдің, Жаңа жыл!» | Желтоқсан | Әдістемелік кеңес | Әдіскер, тәрбиешілер, ата –аналар |
| 6 | Ертеңгілік «Төрлет, төрлет, Әз Наурыз!» | Наурыз | Әдістемелік кеңес | Тәрбиешілер, музыка жетекшісі, ата –аналар |

«Бекітемін»
КМҚК «Балбөбек бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Г.К.Тастемирова ___________
«_31_» __08__ 2023 жыл

## 2023 – 2024 оқу жылының балабақша АКП қамтылмаған балалар тізімі

| № | Баланың аты - жөні | Туған жылы, айы, күні | Ата-анасы туралы мәлімет | Жұмыс орны туралы мәлімет | Мекен жайы | Байланыс телефон |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қадірбай Аян Русланұлы | 19.02. 2019 | Семов Руслан Кадирбаевич<br><br>Закарина Сандугаш Ермухамбетовна | АО «Сервис Казактелеком» Жүргізуші «Балбөбек» б/б Аула сыпырушы | Ж.Аман бердиев көшесі, | 8777-016-63-44 |
| 2 | Иса Абдухафур | 28.02. 2019 | Шаленов Берик Сатимова Самал | ТОО ТТТ «Сервис» М.Баймуханов орта мектебі | Ж.Жумага лиев көшесі,197 үй. | 8775-494-42-88 |
| 3 | Думанқызы Фатима | 24.05. 2019 | Жубатканов Думан Алдиярова Маншук | Локомотив «Қамқор» «Бәйгетөбе бөбекжай кешені» | 67 бөлімше,1 8/4, 9 | 8775-886-34-56 |
| 4 | Қуандық Нұриман | 12.10. 2020 | Доспаев Абылай Қуандықұлы Нұралы Әлия Өтегенқызы | Өнер мектебі, төлемгер. Өнер мектебі, төлемгер. | Ж.Жумага лиев,257 | 8747-740-39-95 |
| 5 | Муса Назерке | 19.10. 2020 | Конырбаев Нұрболат Дюсешова Асель | «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы Бала күтімінде | Парасат,48 | 8778-160-02-53 |

«Бекітемін»
ҚҚМК «Балбөбек бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Г.К.Тастемирова ____________
«31» ____08____ 2023 жыл

**АКП қызметін ұйымдастыру мамандардың сапалық құрамы**
**2023-2024 оқу жылы**

| № | Аты – жөні | Балабақша атауы | Лауазымы | Маман-дығы | Білімі | Санаты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нигмашева Майра Акатовна | Балбөбек | Әдіскер | Тәрбиеші | Арнаулы орта | Педагог-сарапшы |
| 2 | Башанова Замира Нуршаевна | Балбөбек | Психолог | Психолог | Жоғары | - |

## Ата-анала жиналысы

**Тақырыбы**: «Кел танысайық».

**Мақсаты:** қазіргі кездегі баланың дамуына,жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып,қарым-қатынас орнату.

**Әдіс-тәсілдер:** Сұрақ-жауап, жаттығу.

**Тренинг барысы:**

Баланы жастан бақпасаң,
Жамандықтан қақпасаң,
Қадірден жұрдай қасқа боп,
Кешкенің өмір босқа тек,- дегендей, баланың ыстық-суығына күймейтін,жақсылығына сүйінбейтін ата-ана жоқ шығар. Бүгінгі ұл-ертеңгі әке,ол қарап өседі. Бүгінгі қыз- ертеңгі ана,ол шешеге қарап өседі,бойын түзейді. Балаға білім,тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса,оны жалғастырушы ,демеуші-ата-ана.

**«Танысу» жаттығуы.**

Әрбір ата-ана өз есімін айтып,есімінің бірінші әрпіне өзінің бойындағы үш қасиетін айтады.Мысалы менің есімім Ақелік-ақылды, арманшыл, адамгершілігім мол.Шеңбер бойымен тренингке қатысушылар өздерін таныстырып өтеді.

Осы аталып кеткен бойларыңыздағы қасиеттеріңізді естеріңізден шығармауларыңызды сұраймын.

**«Қызықты сұрақтар» жаттығуы.**

Сіздерге допты беру арқылы сұрақтар қоямын. Соларға жауап берулеріңізді сұраймын.

-Балаңыздың туған күні?
-Балаңыз қандай өлшемді аяқ киім киеді?
-Балаңыздың сүйікті асы?
-Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?
Балаңызды еркелетіп қандай сөз айтасыз?
-Балаңыз сізді ренжіткенде ,ең алдымен қандай сөз аузыңызға түседі?

**«Жалпылау» жаттығуы.**

Қимыл-қозғалыс арқылы жауап беру.
- «иә» десеңіздер- қолдарыңызды шапалақтаңыз.
- «жоқ» десеңіздер- аяқтарыңызды тарсылдатыңыздар.

1)Газет бетіндегі мақалалардан,теледидардағы бағдарламалардан, әлеуметтік желіден  тәрбиеге байланысты сұрақтарды тыңдап,қарап жүресіз бе?
2)Балаға тәрбие беру кезінде үйде ата-ана бірдей ықпал жасай ма?
- егер «жанұя» десеңіздер жымиыңыз.
-егер «қоршаған орта,қоғам» десеңіздер қолды алдымызға созамыз.
3)Бала тәрбиелеу жауапкершілігі кімде деп ойлайсыз?
- егер «әке» десеңіздер, қолды алдымызға созамыз.
-егер «шеше» десеңіздер, жымиыңыз.
- егер «екеуі» десеңіздер, қолдарыңызды шапалақтаңыз.

**«Ормандағы нөсер» жаттығуы.**

Канекей барлығымыз тығыз шеңбер бойына тұрамыз. Өздеріңізді орманда қалып қойдық деп елестетіңіздер. Ауа райы өте тамаша,күн шуағын шашып тұр,өте ыстық қапырық. Кенет жеңіл самал жел тұрды. Алдарыңызда тұрған адамның арқасына қолыңызды тигізіңіз де, жеңіл қимылдар жасаңыздар. Жел үдей түсті- арқаға түскен қысымды күшейтеміз. Дауыл басталды арқаға қолды шеңбер бойымен дөңгелете жүргіземіз. Сосын ұсақ жауын басталды-жеңіл соққылар. Кенеттен нөсер басталды-саусақтармен жоғары- төмен қозғалыстар жасау.Найзағай жарқылдады-барлық саусақпен қатты соққылар жасаймыз. Тағыда нөсер,дауыл,қатты жел. Нөсер біртіндеп басыла бастайды. Табиғат толық тыныштала. Қайтадан жарқырап күн шықты.

Ата- ана көз қуаныш,
Алдына алған еркесі.
Көңіліне көп жұбаныш,
Гүлденіп ой-өлкесі,-деп Абай атамыз ата-ананың қуанышы,гүлденген үміт – арманы тек перзент сүю,оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген екен. Ендеше ,ата-аналар қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біздер олардың ең басты үлгі болар бейнесі екенімізді ұмытпайық.

«Сіздің балаңыздың қызығушылығы»

Балабақшамен бейімделмеген балаларым ата анасымен « Сіздің балаңыздың қызығушылығы» сауланама жүргізілді.
Сауланамаға 5 ата - ана қатысты.
Сауланама нәтижесінде 5 баланың 2 бала асық ойнағанды қалайды, 1 бала волейбол, барлық ойындарды қалайды.
5 бала бесеуіде доппен ойнағанды жақсы көреді. Бала тәрбиесімен әкелері айналасады. Барлық ата ана мадақтау әдісін қолданады.

## «Сіздің балаңыздың қызығушылығы»

1.Балаңыздың аты-жөні Муса Назерке

2.Балаңыз қандай ойындарды қалайды? Барлық

3.Спорттық ойындардың қандай түрлерін жақсы көреді? волейбол

4.Кіммен жиі ойнайды? апасымен

5.Балаңыз ортада өзін қалай ұстайды? еркін

6.Отбасында бала тәрбиесімен кім айналысады? әкесі, анасы

7.Сізді бала тәрбиесіндегі қандай жақтары қинайды? ешқандай

8.Тәрбиенің қандай әдісін қолдайсыз? мадақтау

/көндіру, түсіндіру, қатал тәртіп қою, мадақтау, жазалау т.б. /

**Ата-ананың аты-жөні:** Дюсемова Акель

**«Сіздің балаңыздың қызығушылығы»**

1.Балаңыздың аты-жөні Думанқызы Фатима.

2.Балаңыз қандай ойындарды қалайды? Ә қаңылтарды.

3.Спорттық ойындардың қандай түрлерін жақсы көреді? Секірт-пемен секіруді.

4.Кіммен жиі ойнайды? Әпкесімен.

5.Балаңыз ортада өзін қалай ұстайды? Еркін.

6.Отбасында бала тәрбиесімен кім айналысады? Анасы.

7.Сізді бала тәрбиесіндегі қандай жақтары қинайды? Бәрі жақсы.

8.Тәрбиенің қандай әдісін қолдайсыз? Мадақтау, түсіндіру.

/көндіру, түсіндіру, қатал тәртіп қою, мадақтау, жазалау т.б. /

**Ата-ананың аты-жөні:** Алдиярово. Маншук.

## «Сіздің балаңыздың қызығушылығы»

1.Балаңыздың аты-жөні Иса. Абдужаорур.

2.Балаңыз қандай ойындарды қалайды? Асық ойыны.

3.Спорттық ойындардың қандай түрлерін жақсы көреді? футбол.

4.Кіммен жиі ойнайды? Әкесімен.

5.Балаңыз ортада өзін қалай ұстайды? Еркін.

6.Отбасында бала тәрбиесімен кім айналысады? Әкесі

7.Сізді бала тәрбиесіндегі қандай жақтары қинайды? Бәрі жақсы.

8.Тәрбиенің қандай әдісін қолдайсыз? Мадақтау.

/көндіру, түсіндіру, қатал тәртіп қою, мадақтау, жазалау т.б. /

**Ата-ананың аты-жөні:** Шалмпов Берік.

**«Сіздің балаңыздың қызығушылығы»**

1.Балаңыздың аты-жөні Қуандық Нариман.

2.Балаңыз қандай ойындарды қалайды? Волейбол.

3.Спорттық ойындардың қандай түрлерін жақсы көреді? Волейбол

4.Кіммен жиі ойнайды? Ағасымен.

5.Балаңыз ортада өзін қалай ұстайды? Еркін.

6.Отбасында бала тәрбиесімен кім айналысады? Әкесі

7.Сізді бала тәрбиесіндегі қандай жақтары қинайды? Бәрі жақсы.

8.Тәрбиенің қандай әдісін қолдайсыз? Мадақтау, түсіндіру, қатал тәртіп қою.

/көндіру, түсіндіру, қатал тәртіп қою, мадақтау, жазалау т.б. /

**Ата-ананың аты-жөні:** Доспаев Абылай. К.

## «Сіздің балаңыздың қызығушылығы»

1,Балаңыздың аты-жөні Қадырбай Аян Русланұлы

2.Балаңыз қандай ойындарды қалайды? асық ойындары

3.Спорттық ойындардың қандай түрлерін жақсы көреді? футбол

4.Кіммен жиі ойнайды? достарымен

5.Балаңыз ортада өзін қалай ұстайды? еркін

6.Отбасында бала тәрбиесімен кім айналысады? Әкесі

7.Сізді бала тәрбиесіндегі қандай жақтары қинайды? ешқандай

8.Тәрбиенің қандай әдісін қолдайсыз? түсіндіру

/көндіру, түсіндіру, қатал тәртіп қою, мадақтау, жазалау т.б. /

**Ата-ананың аты-жөні:** Закарина Сандуғаш

«Келісемін»
МКҚК «Балбөбек» бөбекжай –
балабақша әдіскері
Нигмашева М.А.________
«27» ____10____2023ж.

# Ертеңгілік
# «Берекелі Алтын күз!»

(АКП жоспары бойынша)

Дайындаған: Курбанова Г.Б.

Алтын күз ертеңгілік

Тақырыбы: Ормандағы Алтын күз ертеңгілік

Мақсаты: Алтын күз мерекесін өткізу. Күз туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға мерекелік көңіл - күй сыйлау.
Көрнекіліктер: Залдың іші күз мерекесіне сай безендірілген. Жапырақтардың суреттері және т. б.
Тәрбиеші:
Қуандырып біздерді
Мереке келді күз келді.
Кел жемісті алтын күз,
Кемелденсін ел енді.

Құрметті балалар! Алтын күз мерекесіне қош келдіңіздер! Ел байлығын арттырған берекелі де, мерекелі күз мерекесі құтты болсын! Ендеше «Ормандағы Алтын күз» атты ертеңгілігімізді бастаймыз..

Тәрбиеші: Жапырақтар сап - сары
Қонып жатыр жерге кеп
Қызықтап бау - бақшаны
Шаттанады бал - бөбек.
Ендеше балаларымыздың тақпақтарын тыңдап көрелік:

Аяна: Жетті желмен алтын күз
Жеміс жинау салтымыз.
Жиып теріп болған соң
Той жасайды халқымыз.

Аян: Алтын сары қызыл көк
Алуан – алуан жапырақ
Ағаштардан жамырап
Ұшты кенет жапырақ.

Кәусар: Келді міне күз
Айнала сары түс
Керемет, тамаша
Қандай әсем күз

- Ия балалар дұрыс айтасыңдар табиғаттың бізге берер байлығы мен берекесін сыйлайтын сары Алтын күзіміз тағы келді. Олай болса балалардың орындауындағы «Алтын күз» әнін қабыл алыңыздар.

Ән: «Алтын күз»
Келді міне қоңыр күздің самалы,
Бұлттар төніп, күн суытты шамалы.
Келді міне Алтын күз

Келді міне жарқын күз
Байлығы мен мерекелі, берекелі 2рет

2. Алтын күзім берекелі болады
Қамба біткен ақ бидайға толады.
Келді міне Алтын күз
Келді міне жарқын күз
Байлығы мен мерекелі, берекелі 2рет
Әннен кейін орманнан бір дыбыс естіледі.
Тәрбиеші:- Балалар бір дыбысты естідіңдер ме? Бұл орманда өмір сүретін Орманшы ата. Ол орманды қарауылдап қорғап жүреді. Біз қазір атадан тығылып қалайық.

Балалар қоладырындағы жапырақтарымен жасырынып отырады. Қолында сапырғышы бар Орманшы ата келеді. ол жердегі жапырақтарды сыпырып жүреді.
Орманшы ата:- Ох, менің жұмысым көп, талдардан көп жапырақтар түсіпті. Орманның ішін тазалап сыпырып қояйын.
Сыпырғышымен балаларды жапырақ екен деп сыпырады. Балалар әр жерде үйінді болып отырады. Орманшы ата сыпырып болғаннан кейін демалып отырады.
Орманшы ата:- Міне барлық жерді сыпырып тазаладым, енді кішкене демалып ұйықтап алайын
Орманшы ата ұйықтап қалады, осы кезде желдің дыбысы естіледі, балалар қайтадан жарты шеңберге тұрып жапырақтарына жасырынып қалады. Орманшы ата оянады.
Орманшы ата:- Ой, ой, ой жапырақтар қайтадан шашылып қалыпты ғой. Тағыда сыпырып тастайын.
Сыпырғышымен сыпырады. Балалар әр жерге үйінді болып отырады. Орманшы ата сыпырып болғаннан кейін тағыда демалып отырады. Орманшы ата ұйықтап қалады, осы кезде желдің дыбысы естіледі, Балалар қайтадан жарты шеңберге тұрып жапырақтарына жасырынып қалады. Орманшы ата оянады.
Орманшы ата:- Бұл не деген сұмдық, тағыда жапырақтар шашылып қалған ба? А, бұлар жапырақтар емес, жапырақтардың астында жасырынып отырған балалар екен ғой.(Балалар тұрады) Ох сендер ме? Не істеп жүрсіңдер менің орманымда.
Тәрбиеші:- Сәлеметсіз бе, Орманшы ата! Ренжімеңіз бізге. Біз орманға күзгі орманды тамашалауға келдік.
Орманшы ата:- А, солай ма, ендеше сендер менімен көңіл көтеріп ойын ойнағыларың келе ме?
Тәрбиеші:- Әрине Орманшы ата, біздің балалар ойынды өте жақсы көреді.

Ойын «Жапырақтар жинау»

Балалар ойынан кейін отырады.
Тәрбиеші:- Көрдіңіз бе Орманшы ата? Біздің балалар өте көңілді әрі епті,

жылдам және менің балаларым сізге «Жапырақтар» биін билеп береді.

Би «Жапырақтар»

Орманшы ата:- Өте жақсы өнерлі балалар екен, көрініп тұр бәріде ақылды сияқты.
Ал, мен әрі қарай ормандығы жұмысымды атқарайын. Сау болыңдар балалар!
Рахмет сізге.
Орманшы ата шығып кетеді.

Тәрбиеші:- Олай болса сонау алыстан Күз ханшайымы келіпті.
(осы кезде себетке толы жемістері бар «Күз ханшайымы» билеп кіреді.)
Күз ханшайымы: Сәлеметсіздер ме балалар! Сәлеметсіздер ме қонақтар
Балалар: Салеметсіз бе!

Күз ханшайымы: Уа халайық, дархан далам армысың!
Табиғатым жаны жайсаң тал мүсін.
Ханшайымы күздің бүгін келіп тұр,
Алмақ болып бар халқымның алғысын.
Мен күзгі ханшайыммын сендерді көргеніме қуаныштымын. Мен сендерге сонау алыстан «Нұрсая» тобына арнайы келдім. Маған өнерлеріңді көрсетесіңдер ма?

Балалар: Ия
Тәрбиеші: Хош келдің Күз ханшайымы! Төрлет. Біздің балалар әнде, тақпақта, биде билей алады. Біздің балалардың барлығы ақылды.
Күз ханшайымы: Ондай болса балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын
Ағайынды бәрі,
Шықса – жасыл
Түссе – сары. Бұл не?
Балалар: Жапырақ.
Жүргізуші: Ән салыңдар күліңдер,
Жайнап гүлдей жүріңдер.
Күздің тойын тойлайық,
Би - билейік ойнайық.

Күз ханшайымы: Жарайсыңдар балалар. Мен жалғыз келмедім өзіммен бірге досым қоянды ерте келдім.(Қоян кіріп келеді)

Қоян: Балалар күз ханшайымы менен бұрын кетіп қалыпты мен артынан жүгіріп-жүгіріп, секіріп -секіріп әрең жеттім. Менің ойнағым келіп тұр. Балалар менімен ойнайсыңдар ма?

Балалар Ия
Қоян: Ендеше ойынымызды бастайық.

Ойынның аты«Кім жылдам».

Қоян: Балалар ойын ұнады ма?
Балалар: Ия
Қоян: Ал ендеше балалар мені қасқыр қуып жетіп алмай тұрғанда мен орманға кетейін. Сау болыңдар балалар.

Балалар: Сау бол қоян
Жүргізуші: Күз ханшайымы сізге біздің балалар  ұнады ма?

Күз ханшайымы: Ия өте жақсы балалар екен.

Күз ханшайымы:
Берекелі бақ - дәулет
Арта түссін тойланып,
Сау болыңдар, балалар
Келгенше жыл айланып.
Осы кезде әуен ойналады, Күз ханшайымы қоштасып кетеді.

Балалар: Қош бол Күз ханшайымы!

Жүргізуші: Күздің кереметі, байлығы өте көп. Күзде біздің дастарханымыз дәнді дақылдарға, көкөністерге, жеміс - жидектерге толы болады, бірақ осы байлыққа жету үшін көп еңбек ету керек. Міне балалар осымен «Алтын күз» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Сіздерді күз мерекесімен құттықтаймын, әр отбасыға бақыт - береке тілеймін


БЕРЕКЕЛІ

«Келісемін»
МКҚК «Балбөбек» бөбекжай – балабақша әдіскері
Нигмашева М.А.________
«29» ____12______2023ж.

# Ертеңгілік
# «Қош келдің, Жаңа жыл!»
(АКП жоспары бойынша)

Дайындаған: Борибаева А.

Жүргізуші: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды
Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді
Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін
Бәрімізге мына жыл арайлы!
Құтты болсын ағайын!
Жаңа жылың тағы да
Қол соғып қарсы алайық
Шақырайық ортаға
Ертеңгілік басталсын
балабақшада!
(балалар келіп шыршаны айналып тұрады)

(музыка қосылады Сиқыршы шыр айналып кіреді)
Сиқыршы: Жаңа жыл келді
Азаймасын ән мен жыр
Ел көңілін көтерсін
Құтты болсын жаңа жыл!
Құттықтаймыз сіздерді!
Тезірек, тездетіп мұнда жиналыңдар
Басталады Жаңа Жылдық карнавал
Маска да бар, би де бар, асығыңдар
Аяз ата шақырғанның бірі дағы қалмайды.
Басталады, басталады Жаңа жылдық карнавал
Карнавалдың иелерін қарсы алыңдар!
(қол соғып киінген ата - аналар кіреді)

Сиқыршы: Бәрекелді, жарайсыңдар! Қараңдаршы, айнала неткен керемет, әсем мына шыршамыздағы ойыншықтардың алуан түрлері бар екен. Бәрімізде әп - әдемі жаңа жылдық киімдерімізді киіп жиналып қаппыз. Бірақ,... шыршамыз көңілсіз, қане менің сиқырлы таяғымның көмегімен, сендердің әдемі сөздеріңмен шамын жағайық!

Бәрі: Қуант, бізді, таңырқат
Шамдарыңды жарқырат! 3 рет
(Шырша шамы жанады, «Алақайлап» қол соғады)

Жүргізуші: Міне, керемет, қол ұстасып әнімізді шырқайық.

Ән: «Шырша жыры»
Жүргізуші: - Балалар, жарайсыңдар. Айтыңдаршы жылда Жаңа жылға бізге қонаққа кім келуші еді?
(Балалардың жауабы)

Жүргізуші: Кәнекей, ендеше бәріміз бірге шақырайық.
Бәрі: Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата, Ақшақар Ау - у - у - у! 3 - рет

Аю: - Сәлематсіз ба, балалар! Жаңа жылдарымен!
Мен қысқы ұйқыда болатынмын, қатты айқай – шу, тасыр - тұсыр шошып ояндым, не болып қалды деп сұрап едім, бәрінің айтатындары бір - ақ сөз: «Жаңа жыл келіп қалды, жаңа жыл» - дейді. Машаны да іздеп, осында болар деп келдім.
Жүргізуші: Мәссаған, балалар бұл кім?
Балалар. Аю.
Жүргізуші: - Иә, «Маша мен аю» мультфильмін сендер өте жақсы көресіңдер ғой. Бірақ біз Аяз атаны шақырдық қой, аюды емес...
Балалар: иә.

(осы кезде Маша келеді. Шыршаға таңырқап)

Маша. – Керемет....(деп шыршаның астындағы қорапты тауып алады. Аю шауып келіп Машаны көтеріп алады)
Аю. - Әрең таптым - ау, сені қасқыр жеп қойған шығар деп едім. (деп кетіп бара жатады)

Жүргізуші: Тоқтаңыздар, кетпеңіздер, бізбен бірге болыңыздар!
(Екеуі қуанып, балалардың жанына келеді)

Жүргізуші. Балалар, мына сыйлықты бәріміз бөлісейік... (деп ашып жатқанда ішінен күлдіргіш шығады)

Күлдіргіш: Амансыңдар ма, балалар! Иә, бұл менмін. Мені ораудан алып шыққандарың қандай жақсы болды. Ол жерде тар, әрі қап - қараңғы. Ал, мұнда сондай тамаша екен! Мен де сендермен жаңа жылды қарсы алайыншы. Сендермен бірге қызықты ойындар ойнайыншы.

(шыршаға қарап)
Шырша дейміз елканы
Балалар билеп қоршады.
Түрлі - түсті ойыншық
Шыршада көз тартады.
- Ой, балалар, шыршамызға Аяз Ата мен Ақшақар жетіспейді.

Бәрі. Қоңырау үні сыңғырла
Аяз ата, Ақшақар
Біз Сендерді сағындық
Тез келіңдер ортаға

Аяз ата, ақшақар 3 - рет
(әуенмен бірге Ат шанаға мініп Аяз ата, ақшақар келеді)

Аяз Ата:
Құтты болсын, балалар
Келген Жаңа жылдарың
Алаңдамай өсіңдер
Еркелеп қыз, ұлдарым
өткен жылы келіп ем
Бәріңді де көріп ем
Жыл өткізіп келем деп
Уәдемді беріп ем
Ойларың мен бойларың да
Бірдей өсіп қалдыңдар ма?
Ал, мен кіммін айтыңдаршы
Мені тани алдыңдар ма?

Балалар: Аяз ата!

Ақшақар.- Сәлеметсіңдер ме, балалар. Жаңа жылдарың құтты болсын!
Сүйсіндірер маңайды
Ақшақармын арайлы
Жалт - жұлт еткен жүзімнен
Күміс сәуле тарайды.
Ақшақармын аппақпын
Қалай тыныш жатпақпын
Менсіз қыстың сәні жоқ
Әнмін, жырмын, тақпақпын.

**Жүргізуші:** Қош келдіңіздер, баршаңызда, алыс жолдан келдіңіздер.
Әсем әні де, биі де бар
Отыр ата, сәл дем ал.
Ән: «Аяз Ата»
**Жүргізуші:** Балалар Аяз – атаға арнап тақпақ айтасындар ма?

Ақшақардың сұрақтары:

Мен білемін бір ойын: Үйретейін сендерге
Мен бастаймын,
ал, сендер аяқтаңдар ойынды.
Хормен жауап айтыңдар!
Қарға мүлгіп дала тұр,
Келе жатыр....
Балалар: Жаңа жыл!

**Ақшақар:** Қызыл мұрын, ақ мұртты
Білсең атын тез ата,
Келеді бізге....
Балалар: Аязата!

**Ақшақар:** Шырша бүгін кәделі!
Сендер әрі......
Балалар: Әдемі!

**Ақшақар**: Көңілсіз бір бала жоқ,
Ойын - күлкі таралсын
Құтты болсын.....
Балалар: Жаңа жыл! (3 рет)

**Жүргізуші:**
Әуеледі әніміз
Жаңа кірді сәніміз
Ақшақарды ортаға алып
Би билейік бәріміз.

«Ұлпақарлар» биі
Аяз ата: Жарайсыңдар, өнерлі екенсіңдер!

**Жүргізуші:** Иә, ата, балаларымыз шеттерінен өнерлі, тақпақты да жақсы айтады.
Түлкі.- о - о, мыналарды қара! Аяз атадан сыйлық алмақшы. Сендерден бұрын мен аламын. (Аяз атаға келіп) Хи - хи - хи, Аяз ата, мен сіздерге өлең айтып берейін бе?
Аяз ата: Айта ғой, түлкішек
**Түлкі:**
Ананы да, алдадым
Мынаны да алдадым
Мен түлкімін айлакер
Аяз ата сыйлық бер. (қолын жаяды)

**Қасқыр**: Ах, түлкішек, сен жұрттың бәрін алдап, енді атаны да алдайсың ба?
Кет әрі. Аяз атаға әнді мен айтып беремін. (қолында гитара)
Мен қасқырмын, қасқырмын
Қозы ұрлаймын өрістен.
Ұйқым келмейді егерде
Қозы етін жемесем
Ахо - хо. Охо - хо.

**Жүргізуші:** Міне, балалар аңдар да өнерлерін көрсетті.
Жаңа жылға барлығы жақсы дайындалған, осындай өнерлерімен белсенділік танытып жүрген және он саусақтарынан өнер тамған ата - аналарым мен балаларым бірлесіп ойыншықтар жасап әкеліп көрмеге шын жүректерімен

қойған ата - аналарды марапаттағым келіп тұр.
(ата - аналарға алғыс хат табыстау)

- Аяз ата Ақшақар сіздер біздердің балаларымыздың сыйлықтарын қашан бересіздер?
Аяз ата: Ой - буй, ұмытшақ басым ай, әрине қазір, қазір....
(барлығыңа сыйлық үлестіріледі)

**Аяз - Ата:** Жарайсыңдар балаларым! Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімде де өнерлі екенсіңдер.
Киген киімдерін қандай әдемі! Солай емес пе қызым? Біздің сыйлығымызға риза болыңдар. Ал енді біз жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал, балаларым, сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер. Аспандарың ашық болсын! Қош болыңдар! (қолдарын бұлғап шығып кетеді.)
**Балалар:** Сау болыңыздар! Рақмет сіздерге!

**Жүргізуші:** Құрметті қонақтар, балалар! «Қош келдің, Жаңа жыл!» жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды. Осындай керемет өтуге ат салысып жүрген ата - аналар, әріптестерім сіздерге де мың алғыс! Көріп тамашалағандарыңа рахмет. Жаңа жыл құтты болсын, отбастарыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін!!!







«Келісемін»
КМҚК «Балбөбек» бөбекжай - балабақша әдіскері
Нигмашева М.А.____________
«19» ____03____2023ж.

**Ертеңгілік**

**«Төрлет, төрлет Әз Наурыз!»**

(АКП жоспары бойынша)

Дайындаған: Г.Б.Курбанова

**Мақсаты:** Балаларға ұлыстың ұлы күні туралы мағлұмат беру. Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеуге тәрбиелеу. Ұлттық ойындар арқылы баланың қимыл-қозғалысын дамыту.
Залда әсем әуен ойнап тұрады.
**Жүргізуші:** Армысыздар құрметті қонақтар. Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жаңа жыл келді. Ұлы мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс тілейміз. Ұлы мереке сіздерге бақыт, қуаныш, сыйласын!
**Жүргізуші:** Келе жатыр жылымыз
Мейрамдаймыз мұны біз
Халқы сүйген мейрамды
Қарсы алайқ Наурызды.
Сүйінші сұрау. Ер балалар шауып келеді.
Наурыз келді!
Наурыз келді!
**Жүргізуші:** Наурыз тойы, наурыз тойы
Құтты болсын халайық
Жыр төгілсінән айтылсын
Жаттап тақпақ айтайық

**Жүргізуші:** Әр адам келер жылдан үлкен үміт күтіп, оны ақ тілекпен, ақ ниетпен қарсы алады. Ендеше, ақ кимешекті ақ әжеміз наурыз көже әкеле жатыр. Қош келдіңіз! (музыка).
Залға қолында тостағанға құйылған наурыз көже ұстаған әже кіреді.
**ӘЖЕ:** Амансыздар ма, құрметті қонақтар, балалар, көктемнің тамаша мерекесі, Ұлыстың ұлы күні, Наурыз құтты болсын, әр шаңыраққа береке, бірлік, мәртебе әкелсін. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Қайда барса жол болсын!
— Балалар, менің қолымдағы не? Онда не бар деп ойлайсыңдар?
— Дұрыс айтасыңдар. Бұл Наурыз көже. Наурыз мерекесін наурыз көжесіз елестету мүмкін емес. Сендерге сұрақ:
— Наурыз көжені неше түрлі тағам қосып дайындайды?
— 7 түрлі
— Дұрыс айтасыңдар. Наурыз көжеге сүр ет, сүзбе, бидай, құрт, тары, май, тұз қосады. Наурыз көже ең дәмді, әрі тойымды, құнарлы тағамдардың бірі. Ерте кезде үлкен тайқазанға пісірген. Наурыз көже қаншама халықты аштықтан аман алып қалған.Сондықтан да, тойшылар бір-біріне «ақ мол болсын», «сауар көбейсін» деген тілектер айтады.
**Тәрбиеші:** Балалар, қазақтың қандай ұлттық тағамдарын білесіңдер? (балалардың жауабы)

**Жүргізуші:** Әй балалар, балалар
Енді маған қараңдар
Наурызды тойлайық
Қызық ойындар ойнайық

Қазақтың ұлттық ойыны «қыз қуу»
Ойынның шарты: жігіт қыздықуып жету керек, жетіп алса қыздың бетінен сүйеді, ал жете алмаса қыз жігітті қамшылайды.
Блек сынасу: Ер балалар бір бірінің күшін сынайды.

**Қыдыр ата:** Армысыңдар балаларым? Наурыз құтты болсын! Мен сендерге бата тілегімді алып келдім.
Бата
Уа құдайым, оңдасын
Еш жамандық болмасын
Ұлыс оң болсын!
Ақ мол болсын
Қыдыр баба қолдасын
Аман сақтап мал басын,
Еккен егін солмасын.
Аумин
**Жүргізуші:**
Тойла бүгін тауларым мен боз далам,
Тойла бүгін қарттарым мен бозбалам.
Мереке боп келген бүгін Наурызым!
Береке бол ешқашанда тозбаған! – дей отырып, ертеңгілігімізді аяқтаймыз.






«